

«Бекітемін»

«Атырау облыстық АИТВ орталығы»

директоры

А.Б.Кудаманова



ХАТТАМА

«Атырау облыстық АИТВ орталығы» ШЖҚ КМК бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мақсатында қызметкерлерімен орталықтың комплаенс-офицері 2026 жылдың 2 тоқсанға түсіндіру жиналысы.

Атырау қаласы

12 маусым 2026 жыл

Хатшы: Б.Тайжанов Атырау облыстық АИТВ орталығының комплаенс-офицері.

Қатысқандар: Атырау облыстық АИТВ орталығының қызметкерлері;

Күн тәртібі: Атырау облыстық АИТВ орталығы бойынша Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»

Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 3 қаңтардағы № 251-VIII «Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының шешімдерін орындау және мемлекетке заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Заңына 8 наурыз 2026 жылы күшіне енген өзгерістер бойынша 2026 жылы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына мемлекеттік антикоррупциялық саясатты жетілдіруге, мемлекеттік қызметшілер қызметінің ашықтығын арттыруға және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін күшейтуге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Негізгі өзгерістер:

1. Заңның 1-бабында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер ұғымы нақтыланды. Өзгерістер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары қолданылатын тұлғалар шеңберін нақты айқындауға бағытталған.
2. Заңның 13-бабына «Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет» бойынша өзгерістер енгізілді.

3. Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын тұлғалардың және оларға теңестірілген адамдардың кәсіпкерлік қызметке қатысуына байланысты шектеулер нақтыланды.

4. Мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғалардың коммерциялық ұйымдарды басқаруға қатысуына қойылатын талаптар нақты айқындалды.

5. Мемлекеттік функцияларды орындау кезінде мүдделер қақтығысының алдын алу жөніндегі шаралар күшейтілді.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу тетіктерінің жекелеген мәселелері нақтыланды.

Енгізілген өзгерістердің мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің адалдығы мен парасаттылығын қамтамасыз ету, қоғамның мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіру.

Қортынды:

2026 жылы күшіне енген өзгерістер Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын одан әрі дамытуға, лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейтуге және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуына үлкен кедергі келтіретін қауіпті құбылыс. Онымен күресу – тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Егер біз әділ, дамыған және тұрақты қоғам құрғымыз келсе, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті бір сәтке де тоқтатпауымыз керек.

Шешім етті:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары мен болдырмау тоқсан сайын жұмыстарын жүргізу.

2. Орталықтың бөлімше меңгерушілеріне, қызметкерлерге қатаң қадағалауды жүктеу.

Комплаенс-офицер:



Б.Тайжанов